

Бюджеттік ұйымдарды қаржылық бақылау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 28 маусымдағы N 304

Бюджеттік қаражаттың мақсатты пайдаланылуын кепілдендіретін қаржылық бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру және мемлекеттік мүлікті талан-таражға салуға қарсы күресті күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

республикалық және жергілікті бюджеттердің орындалуына, бюджетте тұратын ұйымдардың шығыс сметаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдемесімен шетелден алынғандарын қоса, кредиттердің мақсатты жұмсалуды мен өтелуіне, заңды тұлғалармен экспорт-импорт операцияларын жүзеге асырған кезде заңдылықтарды сақтай отырып, экспорттық түсімнің республиканың өкілетті банкілеріндегі шоттарға толық әрі уақтылы түсуіне бақылауды күшейтсін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен және Кеден комитетімен бірлесіп заңды тұлғалармен валюта операцияларының дұрыс жүргізілуіне, экспортерлердің шоттарына экспорт түсімдерінің уақтылы түсуіне, импортталатын тауарлар бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың қаражат аударуының негізділігіне бақылау орнатсын;

бюджетке жекешелендіруден, таратылған кәсіпорындардың мүлкін сатудан түскен қаражатқа, мемлекеттік мүлікті жалға бергеннен түскен кіріске, консулдық алымдарға, мемлекетке жататын акциялар пакеті дивидендтеріне, сондай-ақ жалпы мемлекеттік қорға аударымның толық және уақтылы жасалуына бақылау орнатсын;

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімі бойынша бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюта комитеті аппаратының бақылау-тексеру жұмысы туралы есеп беру нысанына жаңа бюджеттік жіктеуге сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізісін және оларды белгіленген тәртіппен бекітсін;

Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен бірлесіп және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінің, Бас прокуратураның, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ұлттық Банкінің келісімі бойынша бір ай мерзімде мемлекеттік мүлікті талан-таражға салуға қарсы күрес жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың үйлестіру жоспарын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК